

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы ҚР еңбегі
сінген қайраткері, профессор Карима Сүндетқызы Сахарбаеваның 70
жылдығына орай

«XXI ғасырдағы дәстүрлі музыка: зерттеу мәселелері»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын өткізеді.

Конференцияға - ғалым зерттеушілерді, музыкалық ЖОО-ның және музыка
колледждерінің, мектептерінің оқытушыларын және де студенттерді,
магистранттарды, докторанттарды, дәстүрлі музыка орындаушыларын және
тәуелсіз зерттеушілерді шақырамыз.

Конференция өтетін орны: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы, Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 86. .

Конференция өткізу мерзімі: 8-9 желтоқсан 2022 ж.

Мақала бұрын жарияланбаған болуы тиіс

*Мақаланы қабылдау: 2022 жылдың 20 қарашасына дейін мына адреске
жіберілуі тиіс: AseI.alina84@mail.ru*

Конференцияның ресми тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияны өткізу түрі: аралас форматта (офлайн және онлайн)

Конференция аясында келесі секциялар жұмысы жоспарланған:

- Қазақстанның айтулы дәстүрлі музыка мамандарының ұлттық өнерінің дамуына қосқан үлестері;
- Музыкалық педагогика
- Орындаушылық өнер: орындаушы-музыкант калыптастыру мәселелері;
- Музыка мәдениетіндегі аспап;

Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Мақалада автор жүргізген жұмыстың сипаты, мазмұны және нәтижесі туралы анық ақпарат беруі тиіс. Ұйымдастыру алқасы, мақаланың мазмұнындағы автормен анықталмаған деректерге жауап бермейді.

Ұйымдастырушылық төлемдер қарастырылмаған. Ұйымдастыру комитеті конференция тақырыбына, ғылыми немесе шығармашылық этиканың нормаларына немесе баяндаманы дайындауға қойылатын талаптарға

сәйкес келмейтін өтініштерді қабылдамауға құқылы. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі. Жол жүру және тұруды конференция офлайн форматта өтетін жағдайда жіберуші тарап төлейді.

Редактор	Microsoft Word немесе Open Office Writer
Беттің мөлшері	A 4, парақтың бағыты - "кітаптық"
Беттің параметрлері	Барлық жағынан 20 мм
Қаріп	Times New Roman
Жоларалық интервалы	1,0 (бірлік)
Абзацтық шегіну	1,25
Сурет, кесте, диаграмма,	

Мақаладағы формулаларға,
таблица, кестелер, сурет талабы

мәтінде формула, кесте,
таблицаларды
номерлеу және таблицалардың
атауы болуы қажет. Формулалар
Microsoft Equation 3.0
редакторлығында терілуі қажет.

Мақала көлемі: 4 беттен 8 бетке дейін (пайдаланылған
әдебиеттерді, аннотацияны, кілттік сөздерді, ескертулерді қоса алғанда)

Формат: негізгі мақала Microsoft Word форматында - Times New Roman қарпімен компьютерде 14 кеглмен теріледі. Ескертулер (ескерту) әр бетте «Word» программасында (ctrl+alt+f) бағдарламасы бойынша қойылады. Жоларалық қашықтық– 1,0, екі жақ өрісі - 2 см, ені бойынша теңестіріледі.

Абзац шегінісі 1 см, (бірақ табуляция немесе бөлулер көмегімен емес); абзацтар аралық қашықтығы – әдеттегідей, қаріптік ерекшелеу-курсив.

Мақала тақырыбы – ҮЛКЕН қаріппен (ортасына теңестіру арқылы). Тақырып алдына автордың – Аты және ФАМИЛИЯСЫ курсивпен, әдеттегідей сөйлемдік қаріппен, теңестіру оң жағынан, төменде – жұмыс орны, қаласы және елі.

Әрі қарай зерттеу нысанының қысқаша кейіптеуі, негізгі әдістері және нәтижесі, үш тілде 50-100 сөзден кем емес аннотация (абстракт), 14 кегльмен.

Тақырыпшалар – **жартылайқанық қаріп**, тырнақша – типографиялық «»», дәйексөздер ішінде “” әдеттегідей. Тональдықтар латын қарпімен: C-dur, g-moll, дыбыстар атауы курсивпен латын қарпімен жазылады: h , G , a^2 . Күндер санмен белгіленеді: ғасырлар римдік, жылдар және онжылдықтар- арабша.

Нота мысалдары, кесте, сурет негізгі мәтінге қойылуы тиіс.

Мақаланы автоматты номерленген библиографиялық тізім («Пайданылған әдебиеттер тізімі» тақырыбымен) аяқталады. Мәтіндегі пайданылған әдебиеттер сілтемелері әдебиеттер номері бойынша квадраттық жақшада және беттер номері үтірмен тіркеледі. (Мысалдар: [17, 25], [3, 36])

Авторлар ақпараттардың сенімділігіне, пайданылған әдебиеттер, дәйексөз, сілтемелердің дәлдігіне толығымен жауапты.

Барлық жұмыстар Құрманғазы атындағы ҚҰК Ғылым бөлімінің «Антиплагиат. ВУЗ» базасында өзара ықпалдастығына тексеріледі. Түпнұсқалық мәтіннің шекті пайыздық мөлшері 75% пайыздан аз болмауы керек.

Конференция тақырыбына және жоғарыдағы сұраныстыстарға сәйкес келмейтін мақалалар, жариялануға жіберілмейді.

Мақала мәтіні және конференцияға қатысу парағы тек қана электрондық пошта (Asel.alina84@mail.ru) арқылы қабылданады.

Хаттың тақырыбында конференцияның атының көрсетілуін өтініп сұраймыз! Толық мәтіннің жіберілу мерзімі 2022 жылдың 20 қарашасына дейін мына адреске Asel.alina84@mail.ru жіберілуі керек.

Мақаланы рәсімдеу үлгісі:

ГРНТИ (14 кегль)

МАҚАЛА ТАҚЫРЫБЫ (14 кегль)

Авторлардың ФАӘ (14 кегль)

Қызметі, жұмыс немесе оқу орны, қала аты, e-mail, тел.номер (12 кегль)

Аннотация: 50-100 сөз (14 кегль)

Кілттік сөздер: 5 сөзден аз емес (14 кегль)

Мақала мәтіні (14 кегль)

...

...

...

Әдебиет (14 кегль)

1

2

Қатысу шарттары: конференцияға қатысушылары толтырылған өтінім және баяндама мәтінін көрсетілген күнге дейін ұйымдастыру алқасының мекенжайына жіберуі тиіс.

Конференцияға келген мақалаларды құрамында зерттеушілер, қазақ дәстүрлі музыкасы орындаушылары, этномузыковедтардан құралған редакциялық алқа сарапшылары тексереді. Сарапшылардың оң пікірін алған, сұраныс бойынша атқарылған мақалалар конференция жинағына шығарылады. Конференция жинағы мемлекеттік тіркеуден өтіп және ISBN алынады.

Конференция басталуына **жинақтың** басылымы жоспарланған.

Ұйымдастыру алқасының мекенжайы:

Алматы қ., Абылайхан даңғылы 86,

Құрманғазы ат. Қазақ ұлттық консерваториясы, Халық музыкасы факультеті,
Домбыра кафедрасы

e-mail: Asel.alina84@mail.ru

Телефон: 8 702 333 50 85

Өтінімді жеке файлмен жіберу қажет. Өтінімге баяндама мәтіні қоса тіркеледі.

Құрметпен, ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

Өтінім үлгісі

1	Қатысушының АӘФ (толығымен)	
2	Ел, қала	
3	Жұмыс орны (білім алушылардың оқу орны)	
4	Қосалқы автор (бар болса көрсету)	
5	Қызметі, лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (студенттер, магистранттар, докторанттар үшін курс - мамандығы)	
6	Мақала атауы (баяндама)	
7	Мақала қай секцияға кіреді (секцияның атын көрсету қажет)	
8	Байланыс телефоны	
9	Электрондық поштаның адресі	
10	Қатысу үлгісі (іштей немесе қашықтықтан)	